Задачами технической диагностики, являются: определение состояния, в котором находится объект в настоящий момент времени; определение состояния, в котором окажется объект – это задачи прогноза, необходимые для определения сроков диагностики и ремонта; определение состояния, в котором находился объект – это задачи генезиса, используются для определения причин отказа, развития повреждения; определение технического состояния объекта диагностики в условиях ограниченной информации; изучение методов и средств получения диагностической информации; разработка алгоритмов автоматизированного контроля, поиска дефектов; минимизация постановки диагноза.

Конструкция современной военной техники на вооружении Вооруженных Сил Республики Казахстан содержит сложные электронные, электрические, гидравлические и пневматические устройства, которая влияет на ее движение техники по комфортности и безопасности. Несмотря на высокую надежность современной техники в сравнении с машинной прошлого века, она имеет тенденции к износу и снижению работоспособности из-за многих эксплуатационных факторов, а поскольку техника является средством, представляющим определенную угрозу окружающей среде, его техническое состояние обуславливающее безопасность и эффективность эксплуатации, должно быть предметом пристального внимания со стороны эксплуатирующих лиц.

Так например, в Вооруженных Силах США был провозглашен принцип «сначала диагностика, потом ремонт», поэтому для развития и совершенствования диагностики вооружения военной техники в Пентагоне создано управление автоматических средств диагностики для координации и унификации разработок с управлениями министерства обороны и внешними организациями – НАСА и федеральным авиационным управлением [3]. При этом наметилась тенденция создания диагностических комплексов для углубленной проверки объектов диагностики в условиях эксплуатации. Достигнуты определенные успехи в создании стационарных средств. Под диагностическим оборудованием понимается оборудование, приспособления и инструмент, предназначенные для технического обслуживания и текущего ремонта техники.

Своевременное проведение диагностики военной техники позволяет оперативно выявить возможные неисправности на начальном этапе, другими словами удается быстро определить поломки еще до того, как они перерастут в серьезные неисправности. Перечень применяемых инструментов и методик при диагностике силовых агрегатов разнобразен, каждая методика состоит из строго последовательного набора этапов. Некоторые из них доступны для самостоятельного использования, другие же доступны только в стационарнных мастерских. Перечислим основные способы диагностики двигателя.

Визуальная диагностика, некоторые проблемы видны невооруженным глазом, осмотрев двигатель, уже можно сделать определенные выводы о его состоянии, самые распространенные примеры: пятна и подтеки масла указывают на износ прокладки, слабое крепление крышки клапанов, а также могут быть следствием более серьезных проблем; механические повреждения датчиков и обрыв их проводов можно обнаружить при визуальном осмотре подкапотного пространства автомобиля.

Визуальный осмотр двигателя есть самый простой доступный этап диагностики, такой способ еще называют безразборной проверкой. Работу двигателя проверяют на слух, не должно быть посторонних стуков, скрежета и других шумов, также если необычные звуки сопровождают работу, то это чревато как минимум регулировкой зазоров клапанов, а в особо запущенных случаях может вылиться в проведение капитального ремонта двигателя. Самодиагностика системы, эксплуатируемые в настоящее время техника, имеет развитые системы диагностики. Данные системы предоставляют данные обо всех ошибках блока электронного управления. Анализ этих сбоев позволяет определить состояние двигателя. Ошибки выводятся на экран бортовой компьютерной системы или зашифрованы с помощью последовательности миганий индикатора.

Каждый производитель по своему организует доступ к системе самодиагностики двигателя. В одном случае нужно соединить между собой определенные контакты диагностического разъема и проехаться, в другом произвести повороты ключа зажигания в несколько этапов и нажатие педалей. Такая информация по конкретной модели техники доступна на различных тематических форумах в сети интернет.

Компьютерная диагностика, этап компьютерной диагностики требует наличия специального сканера. Данный девайс опрашивает и считывает все ошибки двигателя, которые когда-либо были зафиксированы. Такие сканеры могут еще определить настоящий пробег, если километраж на технике произведен намеренно. Опытные специалисты знают все нюансы по километражу пробега и могут определить эти не достатке на данной технике.

В настоящее время производители предлагают большой спектр сканеров. При ограниченном бюджете можно вполне найти недорогую модель. Она позволит выполнить хорошую диагностику двигателя, но некоторые сканеры проблемы на двигателе все же не могут обнаружить. Более дорогие и качественные сканеры снабжены функцией мотор-тестера. С помощью данной опции производится диагностика двигателя в разных режимах работы, что позволяет выполнить более тонкий и всесторонний анализ.

Диагностика с помощью специальных инструментов. Инструментальную диагностику двигателя можно выполнить самостоятельно. Для этого необходимо наличие следующих приборов: стробоскоп (определяет возможность проверять и корректировать углы опережения зажигания); компрессометр (определяет значение компрессии в каждом цилиндре); эндоскоп (инструмент дает возможность заглянуть в места, скрытые от глаз).

Благодаря этому облегчается безразборная диагностика двигателя и других узлов и агрегатов машины.

При своевременном и качественном проведении диагностики на военной технике устанавливаются следующее: увеличивается срок службы, уменьшается расход запасных частей, этому способствует своевременная замена и ремонт узлов и деталей; снижается количество отказов и простоев техники, повышается безопасность движения; уменьшается трудоемкость технического обслуживания и ремонта путем сокращения объема текущего ремонта, часто являющегося результатом работы механизмов с невыявленными и неустраненными неисправностями; снижается расход топлива за счет выявления и устранения неисправностей в системах питания и зажигания двигателя; увеличивается пробег шин, в соответствии своевременного контроля и состоянии подвесок и мостов, контролю углов установки управляемых колес.

Общей проблемой технической диагностики является достижение адекватной оценки распознавания истинного состояния объекта и классификации этого состояния нормального или аномального. При проведении технической диагностики для выявления аномалий выделяют две основные проблемы:

вероятность пропуска неисправности и вероятность ложной тревоги (вероятность ложного сигнала о наличии неисправности).

При проведении технической диагностики для подтверждения нормального состояния объекта выделяют две основные задачи: обеспечение получения достоверной информации и обеспечение приемлемой оперативности получения информации.

Заключение. С учетом вышеизложенного становится ясно, как проводят диагностику двигателя военной техники. Главными плюсами такого подхода можно считать возможность контролировать состояние агрегата, а также выявить явные или скрытые неисправности до того момента, пока они не станут причиной более сложного и дорого ремонта. Для диагностики двигателей целесообразно использовать параметры, обладающие максимальной информативностью, дополняющие и уточняющие друг друга. Таким образом, задача оценки информационного потенциала параметров, используемых для целей диагностики, является на сегодняшний день очень актуальной для военной техники состоящей на вооружении Вооруженных Сил Республики Казахстан.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРА

1 Бронетанковое вооружение: учебник – Москва, военное издательство 1991. – 574 с.

2 Диагностическое оборудование. Назначение, классификация, техническое обслуживание [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.vtmat.coni/ru/services/resheniya-po-uvelicheniyu-resursa-dvigatelej-vnutrennego (11.10.2022г.).

3 Ковалев В. «Система диагностирования вооружения и военной техники». - Зарубежное военное обозрение. - 2022. - №7. - С. 36-40

ӘСКЕРИ ТАРИХ БЕТТЕРІ
СТРАНИЦЫ ВОЕННОЙ ИСТОРИИ

ӨӘЖ 355.4
ҒТАХЖ 78.19.03

М.Е. БАТЫРОВ[1], педогогика ғылымының кандидаты
Е.Д. СПАТАЕВ[1], (PhD) философия докторі
[1]*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.*

«АЛАШ» ӘСКЕРІ МЕН ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМЫ

Марат Ескенұлы Батыров, Ербол Даулетбақұлы Спатаев

«Алаш» әскері мен әскери құрылымы.

Түйіндеме. Бұл мақалада азамат соғысының 1918-1920 жылғы шиеліністі кезеңіне және Алашорда ұлттық үкіметінің әскери бөлімдерін құру тарихына шолу жасалып, кең көлемде тың деректер келтірілген. Мемлекеттік архивтердің жаңа тың деректік құжаттары, жарияланған материалдар, естеліктер мен ғылыми әдебиеттер негізінде Алаш әскерінің тарихы қалпына келтіріліп, бұрындары белгісіз құжаттар ғылыми айналымға енгізілген. Алашордалықтардың алдыға қойған мақсаттары милиция қарулы топтар құруды жоспарлады. Қарулы құрылымдардың жасақталуына негізгі себептер сьездің хаттамасында көрсетілген болатын. Ел басына қиыншылық төніп тұрғанда алдағы кезеңді бастан кешкенін ескере отырып жалпы құлдырау мен анархияның көрінісі сезіле бастаған болатын. Сондықтан қазақ халқын анархиядан құтқару үшін халық милициясын ұйымдастыру қажеттігі туды.

Түйінді сөздер: Алаш, мұсылман, молдалар, саяси тұрақсыздық, ұлттық мемлекеттілік, кадет-депутаттар.

Батыров Марат Ескенович, Спатаев Ербол Даулетбакович

Военное формирования и войско «Алаш»

Аннатация. В этой статье дается обзор периода Гражданской войны 1918-1920 годов и истории создания воинских частей национального правительства Алашорды, приводятся обширные данные. На основе новых документов государственных архивов, опубликованных материалов, воспоминаний и научной литературы восстановлена история Алашской армии, в научный оборот введены ранее неизвестные документы. Цели, поставленные алашордийцами, заключались в том, что ополчение планировало сформировать вооруженные группы. Основные причины формирования вооруженных формирований были указаны в протоколе Сьеза. С учетом того, что страна пережила предстоящий период, когда над головой нависла беда, стало ощущаться выражение всеобщего упадка и анархии. Поэтому возникла необходимость организовать народное ополчение для спасения казахского народа от анархии.

Ключевые слова: «Алаш-Орда», мусульманы, муллы, политическая нестабильность, национальная государственность, кадет-депудаты.

Batirov Marat, Spataev Erbol

Military formtions and «Alash» troops

Abstract. This article provides an overview of the turbulent period of the civil war in 1918-1920 and the history of the formation of military units of the National Government of Alashorda, as well as extensive data. On the basis of new source documents of the State Archives, published materials, memoirs and scientific literature, the history of the Alash army has been restored, previously unknown documents have been put into scientific circulation. The goals set by the alashords were that the militia planned to create armed groups. The main reasons for the formation of armed formations were already outlined in the siez protocol. In view of the fact that the country was going through a period of hardship, the manifestation of general decline and anarchy began to be felt. Therefore, it was necessary to organize a people's militia to save the Kazakh people from anarchy.

Key word: national statehood, aiash, muslim, mullahs, national citizenship, cadets-deputies.

Кіріспе. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қалыптасуы негізінен, «Алаш» партиясы және «Алашорда» автономиясын жариялаумен тікелей байланысты. Еске сала кететін болсақ Алашорда үкіметінің әскери құрылымдары 1917-1920 жылдары жүргізілді.

Бостандық пен демократия идеяларын жария еткен 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін ұлттық және діни ұйымдардың белсенділігінің артқандығы белгілі. Сол жылдың сәуір айында Орынборда мұсылман бөлімдерінің қалыптасуын үйлестіру жөніндегі жұмыстарды қабылдауға тиіс біртұтас орган – Әскери кеңес құруға шешім қабылдады. Бірінші Бүкілресейлік мұсылмандар сьезінде 1917 жылдың 1-ші мамыр мен 11

мамыр аралығында делегаттар мұсылман әскерлерін құруды бастау туралы ұсыныс жасады. Сьездің әскери мәселеге қатысты шешімі бойынша әскер мұсылман қолбасшыларымен, молдалармен және өзіндік жорықтық асханамен жабдықталуы тиіс болды. Сол уақыттағы саяси тұрақсыздық пен мемлекеттік биліктің жойылуы жағыдайында қарулы күштерді құру мұсылман көшбасшылары үшін басты міндеттердің бірі болды. Ұлттық мемлекеттіліктің негізгі элементтерінің бірі ретінде әскер құру әрбір халық үшін қалыпты жағыдай еді [1].

Кеңес өкіметінің құрамындағы кейбір мұсылман халықтардан бір айырмашылығы ретінде біздің әскерлердің қызметі міндетке жатпайтындығын атап айтқан жөн. Әскер қатарында ерікті түрде қызмет атқарған жауынгерлер, сонымен қоса кадрлық әскерилер болды. Сондықтан Алаш автономиясының болашақ қолбасшысы, бірінші Думаның депутаты Ә.Бөкейхан 1911 жылы шақыртылған III Думаға кадет-депутаттардың фракциясы арқылы қазақтардың әскери міндеттері туралы заң жобасына енгізу туралы ұсыныс жасады [2].

Қазақтар үшін әскери міндеткерлікті енгізуді заңнамалық деңгейде жүзеге асыруға талпынысы барысында Ә.Бөкейхан екі мақсатқа қол жеткізуді ойлады. Негізгі мақсатының бірі – алғашында қазақтар үшін тиімді болып есептелінген әскери міндеткерліктен босату туралы 1834 жылғы заңды жою болатын. Екіншіден – басқа халықтармен, бірінші кезекте орыстармен, әсіресе казактармен тең құқылыққа қол жеткізу [2, 332-332 - б.].

1913 және 1916 жылдары «Қазақ» газетіне шығарған мақалаларында Ә.Бөкейхан атты әскер құрамындағы ерікті түрде қызмет атқару қажеттілігі себептерін казак әскерін мысалға ала отырып халықтың күнделікті мүддесі ретінде түсіндірген болатын. Бір жағынан, көшпелі қазақтар үшін ерікті казак қызметі қарапайым әскери міндеттерімен жалдамалы түрде салыстырғанда, бірнеше артықшылықтары бар және тиімді болатын. Біріншіден, атпен жүру – қазақтар үшін салт – дәстүрге жатады және күнделікті дағдыланған іс. Екіншіден, 18 жасқа толған казак 3 жылдық әскери дайындықтан кейін ғана казак бола алады. 21 жасынан бастап нақты әскери жаттығуларға түсіп, 12 жыл бойы қызмет атқарады. Бейбіт уақытта казак аталынған 12 жылды өз аймағында өткізіп, тек жаз айларында ғана туған жерінде әскери жиындарға қатысып отырады. Осылайша, казак 12 жылдық іскери міндеткерліктің тек 3-4 жылын ғана бұл жиындарда өткізеді. 12 жылдық қызметтен кейін, 38 жасында казак қосалқы құрамға ауысады, - деп түсіндіреді Ә.Бөкейхан.

Орынбор қаласында 1917 жылы 21-26 шілдеде өткен бірінші Жалпықазақ сьезінде қаулы қабылданып, онда қабылданған 14 қаулының бірі «халық милициясын ұйымдастыруға» арналған болды. 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған «Алаш» партиясының 10 тармақтан тұратын бардарламасында 6-шы тармағы қазақ мұсылмандар әскерін құруға арналды. «Ел қорғау үшін әскерді осы күнгі түрінде ұстамау. Әскери шақырылуға толған міндетті жастар өз жерінде үйретіліп, өз жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскери міндеттерін қазақ атты милиция түрінде атқару» [3].

Қазақ бөлімдері мен милициясын құру жөніндегі ресми мойындалған құжат ретінде ол 1917 жылы Орынборда өткен 2-ші Жалпықазақ сьезінің бағдарламасына енгізілді. Осы жиында Ә.Бөкейханның басшылығымен «Алашорда бүкілқазақтық уақытша ұлт кеңесі» құрылған болатын. Сьезд «мемлекет жағыдайы тайғақ кешуде, тар жолға душар болып тұрғанда жан-жақты қоршаған қалың бәледен сақтану үшін халық әскерін жасау керек» деді. Милиция құрудың мақсатын анықтап, «қазақ милициясын құру жоспарын бекітті» [4].

Бірінші кезеңде Алашорда үкіметі милиция қарулы топтар құруды жоспарлады. Қарулы құрылымдардың жасақталуына негізгі себептер сьездің хаттамасында былай көрсетілген: «Мемлекет өте қиын кезеңді бастан кешкенін ескере отырып: жалпы құлдырау мен анархияның көрінісі ретінде барлық жерде кісі өлтіру мен тонау жүріп жатыр, анархиядан қазақ облыстары да қаша алмайды. Осындай қиын уақытты басынан кешіріп отырған қазақтар өз халқын мүлдем жойып жіберу мүмкін анархияның далалық аймақтар аймақтарда пайда өз халқын мүлдем жойып жіберу мүмкін анархияның далалық аймақтарда пайда болуына немқұрайды қарай алмайды. Сондықтан қазақ халқын анархиядан құтқару үшін халық милициясын ұйымдастыру қажеттігі туды: сьезд дереу халық милициясын құру туралы шешім қабылдады» [5].

Соған орай, «Бірлік туы» газетінде: «...осы күнгі мемлекет халін, болып жатқан оқиғалар түрін байқаған адамға қазақ үшін халық әскері зәру екені даусыз ақиқат. Мұндай қатерлі заманда жасанған қорғаушысы жоқ халық қол-аяғы қырқылған мешеу адам сипатында» деп көрсетті. Қар.: Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы [6]. Сьезде милиция бөлімшелерінің ережелері, жоспарлары, есептері және қалыптасу тәртәбі қабылданды. Милиция қызметкерлеріне қызмет етуге жарамды 30-35 жас аралығындағы ер адам ерікті түрде қабылдануы тиіс болды. Барлық милиция қызметкерлері «ұлттық қордан» жалақы алатын болды.

Ал белгілі бір жерлерде қажетті қызметкерлер саны жалдауға мүмкіндік болмаған жағыдайда таңдау әдісін қолдану жоспарланған. Сонымен бірге, милицияға таңдау бойынша алынғандар өз орнына 20-25 жастағы басқа адамды жалдауға болатын еді. Бір отбасының бірнеше тұлғасына таңдау шыққан жағыдайда отбасының тек бір мүшесі ғана қызметке қабылданады. Сондай-ақ отбасылық және басқа да жағыдайларға жеңілдіктер беру қарастырылған.

Алашорданың ұлттық қорын пайдалана отырып, милиция үшін қажетті мылтықтар, оқ-дәрі мен қылыштар сатып алу жоспарланған. Бастапқыда әрбір ауыл қауімі өз милициясын атпен, ер-тұрманмен және киім-кешекпен қамтамасыз етуге міндетті болды.

Милиционерлерді оқыту үшін офицерлер мен нұсқаушыларды шақыру жоспарланған. Есеп бойынша, 100 милиция қызметкеріне бір офицер және 50 милиция қызметкері үшін 1 нұсқаушы қарастырылған.

Сьезд 1-ші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақ офицерлері – капитан М.Абылайханов пен М.Бекимов шақырылды. М.Бекимов Алашорда үкіметі құрамына кандидат болып сайланды. Сьезд қаулыларында көрсетілгендей, Алаш әскерін құру үшін алдымен милицияға алынатын адам шығынын анықтап, оларды қару-жарақ, ат-көлікпен қамтамасыз ету, әскери мамандар (офицерлер, инструкторлар) даярлау жұмысын айқындап алып, оған қажетті қаражат 6 облыстың қазақтары есебінен жиналатын болды. Қазақтың бұрыннан жиналып тұрған қаржысы жоқ екені белгілі, сондықтан милиция шығыны халыққа салынған салық есебінен алынып тұру жоспарланды.

Сьезде сонымен бірге мобилизациялау жоспары бекітілді, оған сәйкес өңірлер бойынша 13500 милиционер шақырылды, оның ішінде облыстар бойынша: Бөкей ордасы – 1000, Орал – 2000, Торғай – 3000, Ақмола – 4000, Семей – 1500, Жетісу – 2000 адам. Облыстардағы милиция қызметкерлерін әр уездерге бөлу бойынша ақпаратты облыстық ұйымдарға, ал болыс пен ауылдық округтер бойынша ұйымдарға берілді.

Бұдан басқа, милицияны ұйымдастыру шығындарының алдын ала есебі ұсынылды, оған сәйкес 68 960 000 рубль жинау қажет, оның ішінде мылтық, оқ-дәрі және қылыш сатып алу үшін 16 300 000 рубль керек болды. Жылдық жалақы:

Офицерлерге – 810 000 р.;

Нұсқаушыларға – 810 000 р.;

Милицияны басқаратын органдарды ұстауға – 720 000 р.

Аталған қаржы алты обылысқа бөлінді, олар өз кезегінде уездер мен болыстарға сәйкесінше бөліп, салық жинауды ұйымдастыруы қажет болды [7].

Бір айта кетерлігі, ол заманда «милиция» түсінігі қазіргі полиция қызметі түсінігінен өзгеше болатын. «Милиция» ұғымы бастапқыда әскерді білдіретін латынның militia сөзінен шыққан. Уақыт өте келе тұрақты әскердің құрылуына байланысты соғыс кезінде ғана қалыптасатын әскердің ерекше түрі «милиция» деп атала бастады, осылайша ол уақытша жасақтың түрі саналды. «Милиция» термині Ежелгі Римде қатардағы жаяу әскердің қызмет түріне қолданылған. Ал ортағасырлық Еуропада милиция деп соғыс кезінде жергілікті тұрғындардан жиналған жасақты атаған.

Ресей империясында милиция деп 1806-1807 жылдары болған земстволық әскерді, ал XIX ғасырдың Кавказ бен Каспий маңы облыстарының жергілікті тұрғындар шығаратын (тұрақты атты милиция) әскер аталды. Милицияның тұрақты әскерден негізгі айырмашылығы – оның әскери міндеткерлікке емес, ерікті негізде құрылуы. Көп жағыдайларда бұл тұрақты емес әскердің шағын бөлігі (170-ден 800 адамға дейін) болды, мысалы: Дағыстан кавалериялық полкі, Терек тұрақты милициясы, Кубань тұрақты милициясы, Шешен кавалериялық полкі, Ингуш кавалериялық полкі, Дағыстан милициясы, Батуми милициясы, Теке атты полкі. Кейіннен, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, аталынған милиция күштері тарихта «Жабайы дивизия» ретінде белгілі. Милиция жергілікті халықтан (әскери міндетті емес тұрғылықты халық (оның тұрақты және казак әскерінен негізгі айырмашылығы) ерікті түрде құрылады. Милицияның бір бөлігі ұлттық киімдер мен ұлттық қаруларымен толықтырылған.

Тек 1917 жылы революциядан кейінгі Кеңестер мемлекетінде полиция қызметі жаңа «милиция» термині – «халық милициясының» құрылуына байланысты өз мағынасын өзгертті.

Қорытынды. Алаш үкіметі Алаш автономиясын аяғыянан тік тұрғызу үшін және большевизиммен күресу мақсатында ұлттық әскер құру және осы мақсатқа басқа да антибольшевиктік күштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді. Кеңесте бұл мәселені жан-жақты талқылап, «қазақ милициясының әр облыс, уезд орталықтарындағы саны, оларға әскер ғылымын уйрету және қажетті заттармен қамтамасыз ету тәртібін анықтады. Онда, 13 500 адам тіркелген «халықтық милиция құрылуы қажет» деген қаулы қабылданды. Бұл идеяның ұсынылуы жөнінде сол жылғы 5-13 желтоқсанда Орынборда болған екінші жалпы қазақ сьезінде Алашорда үкіметінің мүшесі Ж. Ақбаев 26 500 жауынгерден тұрақты армия құру идеясын ұсынды» деген пікір бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Таймасов Р.С. Участие башкир в Гражданской войне. Книга первая. В лагере контрреволюции (1918 – февраля 1919 гг.). –Уфа, 2009. -200 с.

2 Қар.: Аккулы С. Алихан Букейхан. Завешание. –Т.2. – Шымкент, 2016. –С335.

3 Қар.: Аккулы С. Алихан Букейхан. Завешание. –Т.2. – Шымкент, 2016. –С332-333-б.

4 Алаш қозғалысы. –Т.1. –А., 2004 –С.440, 505.

5 Сарыарқа // 1918. 25 қаңтар. №29.

6 Алаш-Орда: Сб. Документов. Сост. Н. Мартыненко. –А., 1992. –С.70-73.

7 Қазақ сьездері/Құраст. К.М. Ілиясова. –Т.4. –А., 2007. -153 б.

8 Алаш-Орда: Сб. Документов. Сост. Н. Мартыненко. –А., 1992. –С73.

ӘӨЖ 355(091)
ҒТАХЖ 78.09.20

Д.Б. ШАЛКАРОВ[1], (PhD) философия докторі
А.С. МАХАМБЕТОВА[1], магистр
Н.Ш. ШАЙХ[1]
[1]*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.*

ХУСАМ АД-ДИН АС-СЫҒНАҚИ МАТУРИДИЙА-ХАНАФИЙА БАҒЫТЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Данияр Балтабаевич Шалкаров, Айна Сактагановна Махамбетова, Нұрсұлтан Шынтеміұлы Шайх

Хусам ад-дин ас-Сығнақи матуридийа-ханафийа бағытының көрнекті өкілі

Түйіндеме. Мақалада түркі әлемінің рухани мәдениеті мен өркениетінің қалыптасуына ортағасырлық ислам құндылықтарынан әсерленген ғұламалардың ғылыми ізденіс жаңалықтары, биографиялық мәліметтері мен XIV ғасырдағы биографиялық сөздіктердің жасалуы туралы мағлұматтар талқыланады. Ислам ғылымының фиқh, хадис, теология, ересиография, поэзия салалары қарастырылады. Хусам ад-дин ортаазиялық матуридийа діни мектебінде үшінші жетекші рухани ұстаз болғандығы мен биографиялық бағытта жазылған араб деректері анықталады. Саманиттер мен қараханиттер кезеңінде Түркістан қалаларында көптеген ханафийа бағытындағы мектептердің болғандығы, «Китабу-л-қанд» еңбегінің 10-12, 14-18 бөлімдерінде осы бағытты дамытқан тұлғалардың қызметтеріне тоқталады. Ғұламалардың еңбектерінде Мәмлүктер (1250-1517) мен Осман империясының (1281-1924) мемлекеттік діни конфессионалды жүйелері анықталады. Ортағасырлық қазақ жерінен шыққан Жазушылар мен каллиграфтар, редакторлар мен оқымыстылар еңбектері қарастырылып, илханидтік Иран (1256-1353) территориясындағы діни жағдайлардың көрінісін түсіндіріп жазған Ибн ал-Фуватидің(1323) еңбегіне маңыз беріледі. Ғұлама Қазақстанда жаңа ислам мәдениеті орталықтарының өкілдерін айқындап көрсетеді. Мақалада тарихи-биографиялық әдебиеттер, ханафийа бағытындағы авторлардың шығармалары, діни мәтіндердің ескі тізімдері де беріледі. Түркістан қалаларының Бұхара, Самарқанд, Хорезм сынды қалалармен мәдени, рухани, саяси-экономикалық сферада бәсекеге қабілетті қалаларға айналғандығы талқыланады.

Түйінді сөздер: Орталық Азия, Мәуараннаhр, Хорасан, Бұхара, Самарқанд, Хорезм, ханафийа-матуридийа бағыты, түркілер, түркі мәдениеті, Хусам ад-дин, деректанулық талдау.

Данияр Балтабаевич Шалкаров, Айна Сактагановна Махамбетова, Нұрсұлтан Шынтеміұлы Шайх

Хусам ад-дин ас-Сыгнаки ведущий представитель направления матуридия-ханафия

Аннотация. В статье рассматриваются новости научных исследований, биографические сведения и создание биографических словарей в XIV веке под влиянием средневековых исламских ценностей в формировании духовной культуры и цивилизации тюркского мира. Рассмотрены области исламской науки, фикха, хадисов, теологии, ересиографии, поэзии. Определено, что Хусам ад-дин был третьим ведущим духовным учителем в среднеазиатской религиозной школе Матуридийя и арабские данные написаны в биографическом направлении. О наличии множества ханафитских школ в городах Туркестана в период саманитов и караханидов, о деятельности лиц, развивавших это направление, говорится в разделах 10-12, 14-18 труда «Китабу-л-канд». В трудах ученых определяются государственные религиозно-конфессиональные системы мамлюков (1250-1517) и Османской империи (1281-1924). Рассмотрены труды средневековых писателей и каллиграфов, редакторов и ученых, а также работа Ибна ал-Фувати (1323), разъяснившего религиозные условия на территории Ильханидского Ирана (1256-1353). Ученый выявляет представителей новых центров исламской культуры в Казахстане. В статье также приводится историческая и биографическая литература, произведения ханафитских авторов, старые списки религиозных текстов. Обсуждается, что города Туркестана стали конкурентоспособными городами в культурной, духовно-политической и экономической сферах с такими городами, как Бухара, Самарканд, Хорезм Центральной Азии.

Ключевые слова: Центральная Азия, Мавераннахр, Хорасан, Бухара, Самарканд, Хорезм, ханафитско-матуридийское направление, тюрки, тюркская культура, Хусам ад-дин, источниковедческий анализ данных.

Daniyar Shalkarov, Ayna Mahambetova, Nursultan Shaih

Central Asian scholars as-Signaki place in eastern civilization

Abstract. The article discusses the news of scholarly research, biographical information and the creation of biographical dictionaries in the 14th century, influenced by medieval Islamic values in the formation of the spiritual culture and civilization of the Turkic world. The fields of Islamic science, fiqh, hadith, theology, heresiography, and poetry are considered. It is determined that Husam al-Din was the third leading spiritual teacher in the Central Asian religious school of Maturidiyya and the Arabic data written in the biographical direction. The presence of many Hanafi schools in the cities of Turkestan during the Samanites and Karakhanids period, the activities of the persons who developed this direction are mentioned in sections 10-12, 14-18 of the work "Kitabu-l-qand". The state religious

confessional systems of the Mamluks (1250-1517) and the Ottoman Empire (1281-1924) are defined in the works of scholars. The works of medieval Kazakh writers and calligraphers, editors and scholars are considered, and the work of Ibn al-Fuwati (1323), who explained the religious conditions in the territory of Ilkhanid Iran (1256-1353), is considered. Scientist identifies the representatives of new centers of Islamic culture in Kazakhstan. The article also provides historical and biographical literature, works of Hanafiya authors, and old lists of religious texts. It is discussed that the cities of Turkestan have become competitive cities in the cultural, spiritual, political and economic spheres with such cities as Bukhara, Samarkand, Khorezm.

Key words: Central Asia, Mawarannahr, Khorasan, Bukhara, Samarkand, Khorezm, Hanafiya-Maturidiyya direction, Turks, Turkish culture, Husam al-din, data analysis.

Кіріспе. Түркі әлемінің рухани мәдениеті мен өркениетінің қалыптасуына ортағасырлық ислам құндылықтарынан әсерленген ғұламалардың гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары салаларында көптеген жаңалықтарға жол ашты. Абу-л-Хафс ан-Насафийдің (1068-1142) «Китабу-л-қанд фи ма‘рифат ‘улама’ Самарқанд» еңбегінің деректері мен Абу Са‘д ас-Сам‘анидің «Китабу-л-ансаб» еңбегі Орталық Азиядағы түркітілдес халықтардың арасынан шыққан ғұламалардың биографиялық мәліметтерінің тізімін қалыптастыра отырып, XIV ғасырдағы биографиялық сөздіктердің жасалуына түрткі болды. «Табақат аш-шафи‘ийа ал-кубра» – атымен белгілі болған Тажу-д-дин ас-Субхидің (1318-1370) еңбегі мен «ал-Джавaһир ал-муди’а фи табақат ал-ханафийа», ‘Абду-л-Қадир ибн Абу-л-Уафа ал-Қураши (1373) шығармалары түркітілдес халықтар қоғамында маңызды рөл атқарды. Абу Хафс ‘Умар ибн Мухаммад ан-Насафий Насаф қаласында туылып, Самарқанд қаласында ғылыми еңбектерін жазды. Ол ислам ғылымының фиқһ, хадис, теология, ересиография, поэзия саласында қызмет етіп, 1142 жылы дүниеден озады. Оның «Китабу-л-қанд» еңбегі мухаддистердің өмірімен, Самарқанд аймағына тиісті қалашықтар, ғұламаларының өмірлеріне тоқталады. Ғұлама өзінен алдыңғы өткен «Китаб ал-камал фи ма‘рифат ар-риджал мин ‘улама’ Самарқанд» еңбегінің авторы Абу Са‘д ‘Абдуррахман ибн Мухаммад ал-Идриси (1015), «Тарих ан-Насаф» еңбегінің авторы Джа‘фар ибн Мухаммад ал-Мустағфирилердің (1041) еңбектері мен өмірлеріне тоқталып өтеді.

Хусам ад-дин ортаазиялық матуридийа діни мектебінде үшінші жетекші рухани ұстаздардың бірі. Ол туралы мағлұматтардың аздығына байланысты, орта ғасырларда биографиялық бағытта жазылған араб деректерінде кездестіруге болады. Жалпы саманиттер мен қараханиттер кезеңінде-ақ Түркістан қалаларында көптеген ханафийа бағытындағы мектептердің жетілгенін байқауға болады. «Китабу-л-қанд» еңбегінің 10-12, 14-18 бөлімдерінде осы дәстүрді дамытқан тұлғалардың өмірі мен қызметтеріне тоқталып өтеді. Бұл бөлімдерде постмоңғолдық кезеңдегі авторларға да тоқталады. Әсіресе, Таяу Шығыс авторларына Орталық Азия фақиһтерінің еңбектері мен шығармалары қызықты тақырып болып табылады. Осы фақиһтердің ханафийа дәстүрін дамытуда ерен еңбектері мол болды. Солардың бірі алғашқы дәрежедегі еңбектерден ас-Сығнақи еңбектері мен Амир Катиб ал-Итқанилердің (1357) еңбектерін атауға болады. Бұл ғұламалардың еңбектері Мәмлүктер (1250-1517) мен Осман империясының (1281-1924) мемлекеттік конфессионалды діни жүйелерінде қызмет етті. Қазіргі таңда Қазақстанның ғылыми орталықтарында А. Дербісәлінің жетекшілігімен осы ғұламалардың еңбектері жөнінде ғылыми ізденістер жүргізілу барысында.

Атап өткендей тарихи қайнар көздердің тапшылығына байланысты, танымал Шихабу-д-дин ал-Марджанидің (1889) «Бұлғар мен Қазан татарлары тарихы» еңбектерінен мәліметтер ала аламыз. Бұл ғұлама тарихта есімдері жоғалған ислам әлемінің ғұламаларының тізімдерін теріп жазды. Еңбектің 19-бөлімінде Қазақстан территориясында жатқан ғұламалардың 25 қолжазба нұсқаларының есімдері жазылады. Бұл жазушылар каллиграфтар, редакторлар, оқымыстылар, ижаза (авторлық құқыққа ие тұлғалар) иелері болып табылады. Қайнар көздердің негізін қазақстандық ғұламалар салғандығы белгілі. Бұл еңбектер күні бүгінге дейін толығымен зерттелмеген. Сол себептен осы еңбектер ауқымды зерттеу жұмыстарын қажет етеді.

Қазақстандық авторлар туралы жазылған тағы бір еңбек Ибн ал-Фуватидің (1323) еңбегі болып саналады. Ол илханидтік Иран (1256-1353) территориясындағы діни жағдайлардың көрінісін түсіндіріп жазады. Ғұлама Қазақстанда жаңа ислам мәдениеті орталықтарының өкілдерін айқындап көрсетеді [1, 11 с.].

Зерттеу объектісіне айналған тарихи-биографиялық әдебиеттер, ханафийа бағытындағы авторлардың шығармалары, діни мәтіндердің ескі тізімдері, Қазақстан территориясында қызмет еткен ханбалийа мазһабының фақиһ-тарихшысы Ибн ал-Фувати тарапынан жазылып отырды. Бұл кезең постмоңғолдық кезеңге (XIII-XVғғ.) сәйкес келді. Орталық Азияның қазақстандық қалалары Мәуараннаһрдағы атақты Бұхара, Самарқанд, Хорезм сынды қалалармен мәдени, рухани, саяси-экономикалық сферада бәсекеге қабілетті қалаларға айналды. Ертеректе экономикалық, саяси жағдайлар мен сауда-саттық қозғалыстары Орталық Азияның ішкі тарапынан басталса, керісінше осы кезеңде орталықтан Сырдария өзенінен басталып, моңғол мемлекетінің орталығына қарай бағытталар бір жүйе туындады. Бұл құбылыстардың негізіне сүйене отырып Қазақстан территориясында ханафийа бағытының қалыптасуы басқа мазһабтардан қарағанда басым болды.

Мұндай үдеріс сопылық, шииттік қоғамдағы рационалдық ғылымда да орын ала бастады. Зиялы қоғамның басқа да бағыттары Қазақстан территориясына Сырдария, Мәуараннаһр, Хорезм, Иран арқылы Алтын Орда (1226-1502) аймағына енді. Өлкеде ислам әлемінен әсерленген ғұламалардың да еңбектері рухани қоғамға қызмет ете бастады. Соның бірі XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген Хусам ад-дин еңбектері де Мәуараннаһр мен араб елдерінде де жетекші рөл атқарды.

Хусам ад-дин өзінің артынан қаншама әсерлі еңбектер қалдырып, ғұламалардың мақтанышына айналды. Ғалымдардың Хусам ад-динге дейінгі ғұламалардың еңбегіне қол жеткізудегі жетекші еңбектер қатарына жатқызуы да осы ғалымның ғылыми тәжірибесі мен шариғат нормаларын логикалық тұрғыда шеше білгендігінен деп айтуға болады. Ғалымның еңбектеріне тоқталар болсақ. Олар:

1. «Ал-Уафи» еңбегі.

Хусам ад-дин Мухаммад ибн Мухаммад ибн ‘Умар ал-Ахсикатидің (1246 д.ө.ж.) «ал-Мунтахаб» немесе «ал-Мухтасар» еңбегіне Хусам ад-дин «ал-Уафи» шарх кітабын жазды. Бұл еңбек «ал-Мунтахаб ал-Хусами» атымен де мәшһүр болған.

2. «Ан-Ниһайа» еңбегі.

Бурхану-д-дин ‘Али ибн Абу Бакр ибн ‘Абду-л-Жалил ал-Ферғани ал-Марғинанидің (1198) «ал-Һидайа» еңбегіне жазхан шархы болып табылады. Бұл еңбегі туралы Хусам ад-дин өзінің «ал-Кафи» мен «ал-Мувассал» еңбектерінде ғалымдардың осы кітап туралы жақсы пікір қалдырғандығы туралы жазады. Ал-Лакнави де «ат-Табақату-с-суннийа» еңбегінде Хусам ад-диннің «ан-Ниһайа» еңбегінің оңай тілмен жазылып, оқырман қауымға түсінікті, онда көптеген шариғат мәселелері қамтылғандығын көрсетеді [2, 62 р.].

Бұл туралы ал-Бабарти де «ал-‘Инайа» еңбегінде «ан-Ниһайа» еңбегі мұсылман қауымы үшін өте түсінікті, мағынасы кең, тілі жеңіл деген пікірін білдіреді. Ибн аз-Заркаши атымен мәшһүр болған Шихабу-д-дин Ахмад ибн ал-Хасан (1342) «ал-Хассамийа» медресесінде мударрис болған, ол осы кітапты көргенде оның маңыздылығы мен мұсылман әлемінің жетекші бір оқулықтарының бірі деп санаған. Сол сияқты Джамалу-д-дин Махмуд ибн Ахмад ибн ас-Сирадж ал-Қавнуни (1370) «ан-Ниһайа» еңбегімен танысқанда оны «Халаасату ан-Ниһайа фи фава’ид ал-һидайа» – деп атағандығы туралы Таш Көпру Зада (1534) өзінің «Мифтах ас-са‘ада» еңбегінде тоқталады.

Көптеген ғалымдар тобы Хусам ад-диннің бұл еңбегін «ал-Һидайа» еңбегіне жасалған алғашқы шархы болып табылады деген пікірлер білдіреді. Десек те, оған дейін шархтар жасаған ғалымдар да баршылық [3, 948 р.].

Олар: 1. Ал-Имам Хамиду-д-дин ад-Дарир ‘Али ибн Мухаммад ибн ‘Али ар-Рамиши ал-Ханафи (1280); 2. Джалалу-д-дин ‘Умар ибн Мухаммад ал-Хуббази (1296); 3. Тажу-ш-Шари‘а ‘Умар ибн Садру-ш-Шари‘а (1299), сол секілді «ан-Нажах» еңбегінің мухаққиқі де «ал-Һидайа» еңбегінің шархтарының мол, шамамен 20-дан астам қолжазбаларының бар екендігін жазады.

3. «Ал-Мувассал» еңбегі. Абу-л-қасимДжаруллаһ Махмуд ибн ‘Умар аз-Замахшаридің (х.ж. 537ж.) ан-Нахв (грамматика) саласындағы жазған «ал-Муфассал» еңбегінің шархы. Бұл кітап туралы Хусам ад-дин өзінің «ан-Ниһайа» еңбегінде: «Мен «ан-Ниһайа фи шарх ал-һидайа» еңбегімді имла’ жасап болған соң, грамматика саласында аз-Замахшаридің «ал-Муфассал» еңбегіне шарх жасауды ұйғардым. Бұл еңбектің мәтіні өте маңызды, әрі таза әдеби тіл, сондықтан қоғамға пайдасы тиер деген оймен осы шархыма кірістім» – дейді [4, 105 с.].

Хусам ад-диннің «ал-Мувассал» еңбегі «ал-Муфассал» еңбегіне жазылған шархтың жинағы болып табылады. Ал-Муфассал еңбегіне шарх жазған ғалымдардың бірі Тажу-д-дин Ахмад ибн Махмуд ибн ‘Умар ал-Жендидің (1347) жазған «ал-Иқлиид» еңбегі болса, екіншісі ал-Фахр ал-Исфандари аш-Шайх Абу ‘Асим ‘Али ибн ‘Умар ибн ал-Халиил ибн ‘Али ал-Фақиһидің (1302) «ал-Муқтабас» еңбегі. Қазіргі таңда Умму-л-Қураа университетінде бұл қолжазба мазмұнында араб тілі және әдебиеті факультетінде докторлық диссертация жазылды.

4. «Ал-Кафи» еңбегі. Хусам ад-диннің бұл еңбегі Абу -л-‘Уср ‘Али ибн Мухаммад ибн Хусайн ибн ‘Абду-л-Карим Фахру-л-Ислам ал-Баздауидің (1087) «Усуул Фахру-л-Ислам ал-Баздауи» еңбегіне жазған шархы. Бұл туралы ас-Сығнақи өзінің «ат-Тасдид» еңбегінде атап өтеді. Ас-Сығнақи бұл еңбекті ал-Имам ал-Бари‘ Бурхану-д-дин Ахмад ибн Ас‘ад ибн Ахмад ал-Хориф‘ани ал-Бухаридің өтінішімен өзінің «ал-Уафи» мен «ан-Ниһайа» еңбектерін жазып болған соң кіріскендігін жазады. Бұл еңбекті хижра жыл санауы бойынша 704 жылы аяқтағаны туралы мәлімет бар. Бұл «ал-Кафи» еңбегін ас-Сығнақи бірінші Бадру-д-дин Мухаммад ибн Махмууд ибн ‘Абду-л-Карим ал-Кардаридің (1258), екінші Хамиду-д-дин ад-Дарирдің (1271) «ал-Фавахид» еңбектерінен әсерленіп жазғандығын байқаймыз.

Бұл кітаптың бірнеше нұсқалары бар. Бұл туралы «ан-Нажах» мухаққиқі мен Хайру-д-дин аз-Зирикли «ал-А‘лам» еңбегінде «ал-Кафи» қолжазбасының ас-Сығнақи қолымен жазылған нұсқасының бірі Дамасктегі Араб кітапханасында, екіншісі Түркиядағы Көпрулу кітапханасында сақталғандығы жазылған [5, 107 р.].

Бұл еңбектің мазмұны сарф (араб тілі морфологиясы) саласында жазылған. Ас-Сығнақидің алғашқы еңбегі «ан-Нажах» кітабында осы туралы мәлімет бар. Бұл еңбек осыдан кейін ешқандай жерде айтылмайды.

5. «Ан-Нажах ат-тали тилва ал-мараах» еңбегі. Бұл еңбек сарф (араб тілі морфологиясы) саласында жазылған. Умму ал-Қураа университетінде тахқиқ жасалып зерттелген. ‘Абдуллаһ ‘Усман ‘Абд ар-Рахман Султан магистрлік диссертациясын осы салада жазып қорғаған.

6. «Китаб ат-тасдид фи шарх ат-тамһид ли қава‘ид таухид» еңбегі. Бұл еңбек Абу-л-Му‘ин Маймун ибн Мухаммад ибн Макхули ан-Насафийдің (1117) усулу-л-фиқһ саласында жазған «ат-Тамһид ли қава‘ид ат-таухид» еңбегіне шарх жасалған. Хусам ад-дин бұл еңбектің кіріспесінде оқырмандар мен дінді үйренушілерге қандай көмек бере алатындығы мен оның мағынасының кеңдігі туралы мәліметтер береді. Сол секілді ал-Қураши де өзінің «ал-Джаваһир ал-муди’а» 115/2 еңбегінде ол кітаптың үлкен том екендігін айтады. Сол

секілді «ан-Нажах» тахқиқінде де кездестіреміз.

7. «Шарх дамиға ал-мубтади'ин ва ан-насира ал-муһтадиин» еңбегі. «Ад-Дамиға» еңбегінің авторы Хусам ад-дин ал-Хасан ибн Шараф ал-Хусайни (1320) болып саналады. Бұл еңбек араб тіліндегі ләм әрпімен басталған қасида (поэма). Алайда «ан-Нажах» еңбегінің мухаққиқі мұндай пікірге қарсы болып, еңбек Хусам ад-дин Хасан ибн Шараф ат-Тибризиге (1388) тиесілі деп жазады. Алғашқы автор поэма жазған болса, бұл автордың еңбегінің мазмұны прозаға келеді. «Табақат ас-суннийа» еңбегінің авторы Тақиу-д-дин ад-Дарии Хусам ад-диннің басқа кітабы бар, ол «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің шархы екені айтады. Ад-Дари өзінің еңбегінде ат-Тахауидің мухтасарына шарх жазған бірнеше ғалымдарды кездестірдім деген мәліметтер береді [6, 152 р.].

Қорытынды. Жалпы ортағасырдағы ортаазиялық түркітілдес ислам әлемінде матуридийа теологиялық мектебінің ұстанымы ахл ас-сунна мазһабының бір бағыты болды. Яғни, аш'арийа бағытын Абу-л-Хасан ал-Аш'аридің бағыты жалғастырса, ал Мәуараннаһр аймағында Абу Мансур ал-Матуриди осы матуридийа бағыты басты ұстанымға айналды. Матуридийа теологиялық ілімі бағытын осы аймақта көптеген дін ғалымдары дамытып, ұрпақтан ұрпаққа қолжазбалар арқылы жеткізіп отырды. Соның бірі Насаф аймағының өкілі Абу-л-Му'ин ан-Насафий еді. Өз заманының таптырмас құнды еңбегі болып саналған «ат-Тамһид ли-қава'ид ат-таухид» еңбегі матуридийа теологиялық ілімінің көзқарастарын қамтитын оқулыққа айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мухаммад ал-Мараға. Ал-Фатху-л-мубиин. – Каир, 1967. – Т.2. – 380 с.

2 Muminov A.K. History of Kazakhstan in Arabic sources. T. III. - Almaty: Dyke-press, 2006. - 265 p.

3 Derbisaliyev A. Stars of the Kazakh steppe. - Almaty: Rawan, 1995. - 289 p.

4 Хусам ад-дин ас-Сығнақи. «Китаб ат-Тасдид» қолжазбасы. – Ыстамбұл: Джаруллаһ Ефенди кітапханасы, 5-бөлім №1207. – 154 п.

5 Ibn Qutlubuga. Taj at-tarajim. Cairo, Daru-l-kutub al-misriyyah, 1974. - 248 p.

6 Derbisali A. Seykhundarya (Syrdarya) gorges. Issues of Islamic studies and Arabic philology: Proceedings of the international scientific and practical conference Vol. VI. - Almaty: "Nur-Mubarak", 2011. - 270 p.

УДК 6(091)
МРНТИ 81.01.08

С.Ш. МУХАМЕДЖАНОВА[1], доктор исторических наук, профессор
Б.Н. ИЛЬЯСОВ[1], кандидат технических наук, ассоц. профессор
Д.Ж. РАХМЕТОВ[1], докторант
Н.К. ЖУМИЕВ[1], докторант
[1]Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елабысы, г. Астана

К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИИ МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Мухамеджанова Сайран Шаймерденовна, Ильясов Бегим-Мурат Нурланович, Рахметов Данияр Жумабекович, Жумиев Нурлан Кулганатович

К вопросу об истории материально-технического обеспечения национальной гвардии Республики Казахстан

Аннотация. В статье представлена краткий исторический обзор возникновения, становления и развития системы технического обеспечения (артиллерийско-технического, автотехнического, танкотехнического обеспечения) войск, а также его потребность как вида всестороннего обеспечения при выполнении служебно-боевых задач в мирный и военный период. Отражены современные виды и элементы технического обеспечения Вооруженных сил, других войск и воинских формирований. Указаны предъявляемые требования руководящих документов и иных нормативно-правовых актов в организации технического обеспечения и в целом в военно-технической политике, в том числе иностранных государств. Указаны основные меры по техническому оснащению Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований, а также ряд существующих проблем на сегодняшний день и путях их решения.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Вооруженные силы, Национальная гвардия, техническое обеспечение, вооружение и военная техника, танкотехническое, автотехническое обеспечение, военно-техническое имущество, боеприпасы.

Мухамеджанова Сайран Шаймерденқызы, Ильясов Бегим-Мурат Нурланұлы, Рахметов Данияр Жумабекұлы, Жумиев Нурлан Кулганатұлы

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланын материалдық-техникалық қамтамасыз ету тарихы туралы мәселеге

Түйіндеме. Мақалада әскерлерді техникалық қамтамасыз ету (артиллериялық-техникалық, автотехникалық, танктітехникалық қамтамасыз ету) жүйесінің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуына қысқаша тарихи шолу, сондай-ақ оның бейбіт және дағдарыс кезеңінде қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде жан-жақты қамтамасыз ету түрі ретіндегі қажеттілігі келтірілген. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды техникалық қамтамасыз етудің заманауи түрлері мен элементтері көрсетілген. Техникалық қамтамасыз ету ұйымында және жалпы әскери-техникалық саясатта, оның ішінде шет мемлекеттерде басшылық құжаттардың және өзге де нормативтік-құқықтық құжаттардың қойылатын талаптары көрсетілген. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды техникалық жарақтандыру жөніндегі негізгі шаралар, сондай-ақ қазіргі кездегі бірқатар проблемалар мен оларды шешу жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасы, Қарулы Күштер, Ұлттық ұлан, техникалық қамтамасыз ету, қару-жарақ пен әскери техника, танкілік техникалық, автомобильдік қамтамасыз ету, әскери-техникалық мүлік, оқ-дәрілер.

Mukhamedzhanova Sairan, Ilyasov Beqim-Murat, Rakhmetov Daniar, Zhumiev Nurlan

On the issue of the history of logistics of the National Guard of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article presents a brief historical overview of the emergence, formation and development of the technical support system (artillery-technical, automotive, tank-technical support) of the troops, as well as its need as a type of comprehensive support in the performance of service and combat missions in a peaceful and crisis period. Modern types and elements of technical support of the Armed Forces, other troops and military formations are reflected. The requirements of guiding documents and other legal documents in the organization of technical support and, in general, military-technical policy, including those of foreign states, are indicated. The main measures for the technical equipment of the Armed Forces, other troops and military formations, as well as a number of existing problems today and ways to solve them are indicated.

Key words: Republic of Kazakhstan, Armed Forces, National Guard, technical support, weapons and military equipment, tank technical, automotive support, military-technical property, ammunition.

Введение. Национальная гвардия Республики Казахстан прошла определённый исторический путь своего становления и развития. Преобразование Внутренних войск МВД РК в Национальную гвардию Республики Казахстан сохранило и приумножило ее статус как военной организации в системе Министерства внутренних дел Республики Казахстан со своей структурой, материально-техническим оснащением, условиями комплектования, подготовки личного состава и прохождения воинской службы, что позволяет самостоятельно решать войскам задачи, определённые в законе о Национальной гвардии РК. В настоящее время войска НГ решают вопросы по обеспечению внутренней безопасности Республики Казахстан.

В связи потребностью и с поэтапным развитием Вооруженных Сил других войск и воинских формирований внесены изменения в Военную доктрину 2017 года Указом Президента Республики Казахстан от 12.10.2022 № 1045, где изложено, что в целях повышения мобильности войск и адекватного реагирования на современные угрозы военной безопасности последовательно и планомерно проводятся меры по совершенствованию структуры, усилению состава и развитию инфраструктуры Национальной гвардии Республики Казахстан [1].

Национальная гвардия РК как любая военная организация предусматривает в своей системе организацию видов обеспечения, без которых выполнение задач не возможно, одной из таких важнейших задач является техническое обеспечение как вид всестороннего обеспечения войск, а также его элементы, представляющей собой комплекс мероприятий, которое организовывается как в мирное, так и в военное время (Рис.1,2) [2].

Техническое обеспечение как составляющая всестороннего оснащение войск возникло в начале «машинного» периода ведения войн. Виды этого обеспечения зарождались одновременно с применением в военном деле соответствующих видов вооружения и военной техники. Так, отдельные элементы артиллерийского-технического оснащения появилось, например, в русской армии, еще в XVI в. в виде пушкарского приказа. Зарождение автотехнического обеспечения обусловлено применением в армии в конце XIX – начале XX вв. автомобилей. Создание и применение на фронтах Первой мировой войны танков предопределило развитие танкотехнического обеспечения и дальнейшую механизацию войск [3].



Рисунок 1 – Виды технического обеспечения ВС других войск и воинских формировании.

В настоящее время во многих государствах мира техническое обеспечение организуется в системе материально-технического обеспечения.

Анализ многих научно-теоретических работ в области видов военного обеспечения показал, что военные специалисты развитых стран, считают, что составные элементы понятия «техническое обеспечение» и «тыловое обеспечение» относятся к составляющим элементам материально-технического обеспечения.

В настоящее время любые современные вооруженные силы не могут существовать без материально-технического обеспечения, что обусловлено по ряду причин:

количество военных конфликтов различной интенсивности и направленности имеют тенденции роста и изменения, а также характеризуются высокой напряженностью. На основе этого военно-политическое руководство государства, считает важной стратегической задачей обеспечение своих вооруженных сил других войск и воинских формирований современными, хорошо оснащенными образцами ВВТ, кроме того их своевременное и полное обеспечение;

ввиду роста технической и технологичной сложности ВВТ, появления высокоточного оружия на новых физических принципах, важность их своевременного и качественного технического обеспечения и обслуживания, в условиях современных войн, характеризующихся изменением форм и способов, высокой интенсивностью и напряжённостью боевых действий, существенно возрастает;

военный потенциал государства основывается на качестве и количестве современных высокотехнологичных образцов ВВТ и на комплексе мероприятий, своевременно обеспечивающих войска необходимыми материально-техническими средствами. Все эти факты свидетельствуют о необходимости изучения всей системы технического обеспечения его историю и современное состояние.

